



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 24 қарашадан

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *99*

город Астана

«Қазаэронавигация» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының халықаралық және транзиттік ұшуға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметаларды бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 10), 12) тармақшаларына, 15-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 наурыздағы № 1/1 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазаэронавигация» республикалық мемлекеттік кәсіпорынға 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып:

1) халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша және халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету және халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуеайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік сметалар осы бұйрықтың 2 және 3-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Тарифтік реттеу басқармасы осы бұйрықты «Қазаэронавигация» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енетін 1-тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



С. Томпиева

Қазақстан Республикасы Көлік
 министрлігі Азаматтық авиация комитетінің
 2025 жылғы « 27 » қараша
 № 99 бұйрығына
 1-қосымша

«Қазақ аэронавигация» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының халықаралық және транзиттік ұшуға аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтері

№	Қызмет атауы	Әуе кемелерінің ең ауыр ұшу салмағы (тонна)	Тарифтер, тенге ҚҚС-сыз		
			жүзеге асыратын авиакомпаниялар үшін	тұрақты емес ішкі әуе тасымалы	
			тұрақты ішкі әуе тасымалы	100 км ортодромдық қышықтық үшін	
			100 км ортодромдық қышықтық үшін		
1	халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету	7,0-ге дейін	909	1 442	
		7,1-20,0	1 467	2 509	
		20,1-30,0	1 785	3 076	
		30,1-50,0	2 427	4 453	
		50,1-100,0	2 963	5 104	
		100,1-200,0	4 128	7 694	
2	халықаралық ұшуды жүзеге асыратын әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, әуесайлақ маңындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету	200,1 және жоғары	4 128	9 806	
		ең ауыр ұшу салмағы 1 тонна үшін	207	207	